

**Төлеби ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің
«Ақбота» бөбекжайы» МКҚК**

Бекітемін
«Ақбота бөбекжайы» МКҚК
менерушісі Шығиева Ж.М



**Өндірістік жиналыс
жоспары мен хаттамасы**

2022-2023 оқу жылы

Бекітемін
«Ақбота бөбекжайы» МКҚК
менгерушісі *Диялиева Ж.М*
«12» қазан 2022 жыл

Өндірістік жиналыс жоспары
2022-2023 оқу жылы

№	Күн тәртібінде қаралатын мәселелер	Мерзімі	Жауаптылар
№1 өндірістік жиналыс			
1.	Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау.	Қазан	Менгеруші
2.	Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және хаттамалардың уақытылы толтырылуы барысы		Менгеруші
3.	Бөбекжай іс қағаздарының жүргізілуі. (Еңбек өтілі, бұйрықтар, еңбек кітапшасы, журналдар, жеке іс қағаздары т.б.)		Менгеруші
4.	Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы		Медбике
5.	Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету, балалардың бөбекжайға қатысуы		Менгеруші
6.	«МЖМБС талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру» тақырыптық бақылау қорытындысы		Менгеруші
7.	Ішкі еңбек тәртібінің сақталу ережелері		Менгеруші
8.	«Әжемнің ертегісі» облыстық әлеуметтік-педагогикалық жобасы аясында жұмыстың ұйымдастырылуы		Әдіскер
9.	Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру		Кәсіподақ ұйымының төрайымы
10.	Әртүрлі мәселелер		Менгеруші
№2 өндірістік жиналыс			
1.	№1 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.	Қаңтар	Менгеруші
2.	«Балабақшадағы адамгершілік – құқықтық тәрбие» жұмысын ұйымдастыру		Құқықтық тәрбие бойынша жауапты тұлға
3.	Бөбекжайішілік стратегиялық даму бағдарламасының орындалуы жайлы өзгерістер мен толықтырулар ендіру мәселелері.		Менгеруші
4.	Консультативтік пунктін жұмысының барысы		Әдіскер
5.	«Ұлттық қазына», «Экологиялық соқпақ» вариативтік компонент бағдарламаларының ұйымдастырылу деңгейі		Әдіскер
6.	Ағымдағы мәселелер.		Менгеруші
№3 өндірістік жиналыс			
1.	№2 өндірістік жиналыс шешімдерінің орындалуы.	Сәуір	Менгеруші
2.	Күннің екінші жартысында тәртіп кезеңдерін		Әдіскер

	өткізу, ойындарды жоспарлау		
3.	Балабақша мен мектеп сабақтастығының бірізділігі		Әдіскер
4.	Мектепалды даярлық тобы тәрбиеленушілерінің мектепке дайындығы деңгейі		тәрбиеші
5.	Бөбекжайдағы психологиялық қызметтің ролі: психолог жұмысының аналитикалық есебі.		Педагог-психолог
6.	Шынықтыру рәсімдерін өткізу деңгейінің қорытындысы		Әдіскер
7.	Ағымдағы мәселелер.		Менгеруші

Өндірістік жиналыс №1

Күні: 12 қазан 2022 жыл

№1 өндірістік жиналыс			
1.	Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау.	Қазан	
2.	Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және хаттамалардың уақытылы толтырылу барысы		Меңгеруші – Пиялиева Ж Әдіскер-Акимбекова А
3.	Бөбекжай іс қағаздарының жүргізілуі. (Еңбек өтілі, бұйрықтар, еңбек кітапшасы, журналдар, жеке іс қағаздары т.б.)		Меңгеруші – Пиялиева Ж
4.	Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы		Медбике-Абилдаева А
5.	Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету, балалардың бөбекжайға қатысуы		Акимбекова А әдіскер
6.	«МЖМБС талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру» тақырыптық бақылау қорытындысы		Акимбекова А әдіскер
7.	«Әжемнің ертегісі» облыстық әлеуметтік-педагогикалық жобасы аясында жұмыстың ұйымдастырылуы		Акимбекова А әдіскер
8.	Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру		– Меңгеруші Пиялиева Ж
9.	Әртүрлі мәселелер		– Меңгеруші Пиялиева Ж

№1 өндірістік жиналысқа педагогтар мен қызметкерлердің қатысуын
тіркеу

Күні: 12 қазан 2022 жыл

№	Қызметкерлердің аты-жөні	Қызметі	Қолы
1.	Пиялиева Ж.М	Меңгеруші	
2.	Акимбекова А.Т	Әдіскер	
3.	Дүйсебаева Э	Тәрбиеші	
4.	Анарбаева Г	Тәрбиеші	
5.	Ералиева Қ	Педагог-психолог	
5.	Байменова Г	Тәрбиеші	
6.	Жиенбаева Р	Тәрбиеші	
7.	Оралбекова Г	Тәрбиеші	
8.	Омарова С	Тәрбиеші	
9.			
10.			
11.	Садыков Ш	Музыкалық жетекші	
12.			
13.	Абильдаева А	Медбике	
14.	Акназарова С	Есепші-экономист	
15.	Сейтқұлова С	Тәрбиеші көмекшісі	
16.	Сералиева А	Тәрбиеші көмекшісі	
17.	Шубаева Ж	Тәрбиеші көмекшісі	
18.			
19.	Карсакова Г	аспаз	
20.	Мурзалиева А	Аспаз көмекші	
21.	Құрмашев Н	Шаруашылық меңгерушісі	
22.	Игенова М	Кір жуу машинасының операторы	
23.	Пиялиев Асхат	күзетші	
24.	Төлешов Ү	күзетші	

**Өндірістік жиналыс
хаттамасы №1**

Күні: 12 қазан 2022 жыл

Өндірістік жиналыстың өтілген орны: «Ақбота бөбекжайы» МКҚК

Жиналыс төрайымы: Пиялиева Ж-меңгеруші

Жиналыс хатшысы: Акимбекова А- әдіскер

Қатысты: 23

Қатыспады: 6

Себепті: 6

Себепсіз: 0

Күн тәртібі:

1. Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау. (меңгеруші)
2. Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және хаттамалардың уақытылы толтырылу барысы (меңгеруші)
3. Облыстық «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік педагогикалық жобасы жұмысымен таныстыру, тәжірибеге енгізуді жалғастыру (әдіскер)
4. Бөбекжай іс қағаздарының жүргізілуі. (Еңбек өтілі, бұйрықтар, еңбек кітапшасы, журналдар, жеке іс қағаздары т.б.) (меңгеруші)
5. Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы (медбике)
6. Балабақшадағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету, балалардың бөбекжайға қатысуы (әдіскер)
7. «МЖМБС талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру» тақырыптық бақылау қорытындысы (әдіскер)
8. Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру (меңгеруші)
9. Өртүрлі мәселелер (меңгеруші)

I ТЫҢДАЛДЫ: Жаңа оқу жылының жұмыс жоспарын талдау.

СӨЙЛЕДІ: Бөбекжай меңгеруші Пиялиева Ж.М өткен оқу жылында жылдық жоспарға жоспарланған жұмыстар өз деңгейінде атқарылды. 2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу және Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсаты көзделеді. 2022-2023 оқу жылында міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы әдіскер, директор тарапынан бақылауға алынады. Әрбір бөлім бойынша жоспарланған жұмыс әр топта балалардың жас ерекшелігіне байланысты жасалынып, уақытылы жүргізіп, ата-аналарға кеңестер беріліп отырылсын,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: бөбекжайдың жылдық жоспары бойынша жұмыстар уақытылы жүргізілсін.

II ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының өткізілуі және хаттамалардың уақытылы толтырылу барысы

СӨЙЛЕДІ: Пиялиева Ж.М балаға тәрбие мен білімді балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып берсек, бұл баланы әлеуметтендірудің маңызды институты болып табылады. Бұл үшін балабақшада өтетін жалпы ата-аналар жиналысында, топтардағы ата-аналар жиналысында ата-аналарға жан-жақты мәлімет беріп отыру қажет. Керек жағдайда сол жиналыстарға психолог, медбике қатысып балалардың психологиялық дамуы, денсаулығы жөнінде баяндамалар оқып, жас ата-аналарға кеңестер беру керек. Ата-аналар жиналысы жаңаша түрде ұйымдастырылып, қызықты өту қарастырылсын. №1 жалпы ата-аналар жиналысы қазіргі эпидемиялық жағдайға байланысты қашықтықтан өтіп, ата-аналарға кезекші топтарды ашу, қашықтан оқуды ұйымдастыру жұмыстары бойынша түсіндіріліп, құжаттары уақытылы жазылды. Топтарда өтілетін ата-аналар жиналысында тәрбиешілер ата-аналарға балалардың білім-білік, дағдылары және жас ерекшеліктеріне қарай қандай бағдарламамен жұмыс жасайтындары бойынша және санитарлық талаптарды орындау бойынша мәлімет беріп отырылсын. Жалпы ата-аналар мен балабақша арасындағы жұмыстар түрлендіріліп, уақытында өткізілсе, балалардың мейірімді, ынтымақшыл болып өсуіне септігін тигізеді,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: бөбекжайдағы ата-аналар жиналысы жаңаша түрде қашықтан ұйымдастырылсын.

ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: Облыстық «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік педагогикалық жобасы жұмысымен таныстыру, тәжірибеге енгізуді жалғастыру

СӨЙЛЕДІ: әдіскер Акимбекова А.Т «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік-педагогикалық жобасының 2022-2023 оқу жылындағы жұмыс жоспарымен таныстырып өтті. Жоба қазақ халық ертегілерін пайдалану арқылы балаларды туған өлкенің, мемлекетінің мәдениетімен таныстыру моделін әзірлеу мақсатында құрылған. Бұл жобаның тәжірибелік маңыздылығы - ертегі бала өмірінің маңызды жетекшісі екендігіне негізделген. Мектепке дейінгі жастағы баланың өмірінде әлеуметтік – жеке дамуда терең өзгерістер болады. Бұл баланың қандай да бір түрде бейнеленген жағдайларға төтеп беруге, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне ақылмен қарап, олардың қуаныштары мен қайғыларынан немқұрайлықпен қарамауға үйретеді. Мұндай белсенділік баланың рухани өмірінің аясын кеңейтеді, оның ақыл-ойы мен адамгершілік дамуы үшін маңызы зор. Осылайша, ертегі – баланың толық дамуы үшін қол жетімді құралдардың бірі болып табылады, деп жобаның кезеңдерімен таныстырып, жобаны іске асыру бойынша жұмыс жоспарын бекітуге ұсынды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жоба іске асырылсын.

ІV ТЫҢДАЛДЫ: Бөбекжай іс қағаздарының жүргізілуі. (Еңбек өтілі, бұйрықтар, еңбек кітапшасы, журналдар, жеке іс қағаздары т.б.)

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Пиялиева Ж бөбекжай қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды дұрыс толтыру үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бөбекжай құжаттары-әрбір қызметкердің, педагогтың айнасы іспетті. Құжаттар дұрыс жүргізілсе, ол педагог, қызметкер өз ісіне ұқыпты, мамандығын сүйетін жақсы педагог болып есептеледі. Егер құжатта қате кетсе, ол педагогтың өз ісіне немқұрайлы қарайтындығын көрсетеді. Сондықтан құжаттарға мұқият болу керек. Балалардың жеке іс-қағазын толтыру барысында аты-жөні, туылған күні, айы, жылы, ұлты, ата-анасы, мекен-жайы алфавиттік нөмірі және бұйрық нөмірі көрсетілу керек. Балабақшада ресми қабылданатын қаулы немесе шығарылатын бұйрық т.б. ресми құжаттың негізінде, олардың орындалмағаны жөнінде немесе сол құжат бойынша іске асырылып жатқан шаралар уақытында орындалып, қаралу керек. Іс-қағаздарда қолданылып отырылатын ақпарат, мәліметтің барлығы мұқият тексеріліп отырылу керек. Құжаттарда сөздерге, тыныс белгілеріне, дұрыс түспеген әріптерге баса назар аудару қажет. Өйткені мұның бәрі тексеріс кезінде қателік есептелінеді. Құжат мазмұнының қазіргі күші бар заңдарға және құқық нормаларына сәйкестігі тексеріледі. Әрбір қызметкердің еңбек өтілі ҚР Еңбек туралы Заң талаптарына сай есептелініп отырады және соған сай еңбек ақысы төленеді. Еңбек кітапшасы ережеге сай толтырылуда. Біз беріп отырған статистикалық мәліметтердің өзектілігі мен ақиқаттығы, дәлдігі тексеріледі. Сондықтан әрбір адам өзі жүргізіп отырған іс-қағаздарына мұқият болу керек,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Бөбекжай іс қағаздарының жүргізілуі бақылауға алынсын.

V ТЫНДАЛДЫ: Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай медбикесі Абильдасва А мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құруда баланың тек психологиялық жеке-дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды. Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру-сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады. Сонымен бірге, жыл сайын балаларды медициналық тексерулерден өткізіп, дәрігерлердің қаралуында болу керек. Биылғы оқу жылында да бөбекжайға қабылданған 52 бала медициналық тексеруден өтіп, дені сау, денесі таза деген анықтамалармен келді. Балалардың денсаулығына кері әсер етпеу үшін қызметкерлер де жыл сайын медициналық тексеруден өтеді. 11 педагог, 12 техникалық қызметкерлер өтті,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Санитарлық ереже талаптарын орындау деңгейі қанағаттанарлық.

VI ТЫНДАЛДЫ: «МЖМБС талаптарына сәйкес дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны ұйымдастыру» тақырыптық бақылау қорытындысы

СӨЙЛЕДІ: бөбекжай әдіскері Акимбекова А «Ақбота» бөбекжайының жылдық жоспарына сәйкес мектепке дейінгі топтарда топтарда заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру бойынша жұмыстың жай - күйіне тақырыптық бақылау жүргізілді.

Тақырыптық бақылау барлық топтарда жүргізілді. Келесі сұрақтар талданды:

1. Барлық бағыттар бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттер міндеттерін іске асыру үшін топтың заттық-дамытушы ортасының мүмкіндіктерін пайдалану (режимдік сәттерді, еркін іс-әрекеттерді, рөлдік ойындарды және т. б. ұйымдастыруды бақылау)
2. Педагогтердің білім беру жағдайларына, балалардың мүдделеріне, климаттық, ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес заттық-дамытушы ортасының өзгерістерді жоспарлауы.
3. Бөбекжайда жалпыға міндетті мемлекеттік білім беру стандартының талаптарына сәйкес баланың дамуының барлық бағыттарын жүзеге асыру үшін заттық-дамытушы ортаны топтағы тәрбиешілердің ұйымдастыру деңгейі.
4. Осы мәселе бойынша ата-аналармен өзара әрекеттесу.

Топтарда балалардың жасына, жынысына, жеке ерекшеліктеріне сәйкес келетін, балалар мен ересектердің қарым-қатынасы мен бірлескен іс-әрекетін, балалардың қозғалыс белсенділігін қамтамасыз ететін жайлы пәндік-кеңістіктік орта құрылды. Дене шынықтыру бұрыштары жабдықталған. Балалардың белсенділік орталықтарында ойыншықтар, құрылыс материалдары жеткілікті.

Сонымен қатар, топтарда дидактикалық ойындар, жұмсақ ойыншықтар, динамикалық ойыншықтар, театрдың әртүрлі түрлері жеткіліксіз екенін атап өтуге болады. Жылжымалы экрандар жоқ. Кейбір топтарда ортаны аймақтарға бөлу практикалық емес және ойластырылмаған. Қол жетімділік принципі ішінара жүзеге асырылады (жабық сөрелер, шкафтар, көптеген жабық қораптар бар). Практикалық жаттығулар үшін материалдар пайдаланылмайды: құм, су. Мектепке дейінгі топтардың дамытушы-заттық ортасы білім беру ортасын құруды қоса алғанда, білім беру қатынастарына қатысушылар үшін дамудың әлеуметтік жағдайын құруға бағытталған және балалардың физикалық және психикалық денсаулығын қорғауға және нығайтуға кепілдік береді; олардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз етеді,-деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Бөбекжайдағы топтардағы заттық-дамытушы ортаны толықтыру.

VII ТЫҢДАЛДЫ: Ішкі еңбек тәртібінің сақталу ережелері

СӨЙЛЕДІ: кәсіподақ ұйымының төрайымы Э.Дуйсебаева бөбекжайдың ішкі тәртіп ережелерін сақтау бөбекжайда жұмыс тыныштығын қамтамасыз етеді және тәрбиеленушілердің ата-аналары (заңды өкілдері) мен мектепке дейінгі мекеме қызметкерлері арасындағы бірлескен жұмысты көздейді. Бөбекжайдың жұмыс уақыты 7.30-дан басталады. Балаларды қабылдау сағат 7.30-дан 8.00-ге дейін жүзеге асырылады, баланы балабақшада 10,5 сағат болады. Балабақшаға уақытында келу, тәрбие-білім беру үдерісін дұрыс ұйымдастыру, педагогикалық ұжымның басты міндеті. Тәрбиешілер баланы кім алып келіп, алып кететінін білуі тиіс. Ата-аналар бұл тізімді жазбаша түрде ұсынуға міндетті (паспорттық деректер және осы тұлғалардың байланыс телефондары). Әйтпесе, тәрбиешілерге баланы ата-анасынан басқа бөтен қолға беруге тиым салынған. Тәрбиешілерге балаларды мас күйдегі адамдарға, кәмелетке толмаған адамдарға, бейтаныс адамдарға беруге қатаң тыйым салынады. Әрбір қызметкер жұмыс уақытын ескеріп, ішкі тәртіп ережелеріне бағыну керек. Тәртіп бар жерде, жұмыс та, тазалық та, сыйластық та болады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Ішкі еңбек тәртіп ережесі қатаң сақталсын.

VIII ТЫҢДАЛДЫ: Қызметкерлерді лауазымдық міндеттерімен таныстыру

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Ж.Пиялиева педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2009 жылғы 13 шілдедегі N 338 бұйрығы негізінде қызметкерлер өздерінің лауазымдық міндеттерімен танысып, қол қойдырылып алынды. Осы Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалар лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және білім беру ұйымдарының меншігіне, ведомстволық бағыныстылығы мен ұйымдастыру-құқық нысанына қарамастан олардың қолдануы үшін міндетті.

Педагогикалық және медициналық қызметкерлермен тәрбиелік білім беру және сауықтыру жұмыстармен қамтамасыз ету бойынша өзара қызмет атқарады. Сол сияқты, барлық қызметкерлердің өз міндеттері бар. Қазақ халқында «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деген ұлы сөз бар. Осы міндеттер аясында балаларға білім мен тәрбие беруде ауызбіршілікпен, ынтымақтаса отырып жұмыс жасауымыз керек, - деді.

ҚАУЛЫ ЕТТІ: Жұмыс барысында қызметкерлердің лауазымдық міндеттері басшылыққа алынсын.

IX ТЫҢДАЛДЫ: Ағымдағы мәселелер

СӨЙЛЕДІ: меңгеруші Пиялиева Ж әрбір қызметкер бөбекжайдағы жүргізіліп жатқан жұмыстарға белсене қатысуы жөнінде және қыркүйек айындағы жұмыстарға қысқаша тоқталып өтті.

ШЕШІМ:

1. Бөбекжайдың жылдық жоспарын басшылыққа алып жұмыстар жүргізілсін.

Мерзімі: Жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, шаруашылық меңгерушісі, медбике

2. «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік-педагогикалық жобасы жұмысының жоспары бекітілсін.

Мерзімі: Қазан

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

3. Қызметкерлердің лауазымдық міндеттеріне сәйкес жұмысы бақылауға алынсын.

Мерзімі: жыл бойы

Жауаптылар: әдіскер, медбике, тәрбиешілер

4. Заттық-дамытушы орта толықтырылсын.

Мерзімі: Қазан

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер

Жиналыс төрайымы

Жиналыс хатшысы



Ж. Пиялиева
Ж. Акимбекова

Пиялиева Ж
Акимбекова А

2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хатта көрсетілгендей Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік саясаттың негізгі басымдықтарының бірі балаларды патриоттық рухта, өз жеріне деген сүйіспеншілікке, өзінің кіші Отанына деген адалдыққа, табиғатқа, жануарларға ұқыпты қарауға тәрбиелеу және Мектепке дейінгі жас баланың жеке тұлғасын қалыптастыру үшін өте маңызды. Бұл жаста балалардың сөйлеу, сенсорлық дағдылары қалыптасады, сондай-ақ ақыл-ой, дене, эстетикалық, патриоттық тәрбие беру көзделеді. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру барысында мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделін іске асыру мақсаты көзделеді. 2022-2023 оқу жылында міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы әдіскер, директор тарапынан бақылауға алынады. Баланы жақсылық жасауға баулитын, рухани-адамгершілік қасиеттерге тәрбиелейтін негізгі орта-отбасы болып табылады. Педагогтердің міндеті - ата-аналарға отбасында, ең алдымен, ата-бабалар қалыптастырған адамгершілік және рухани әдет-ғұрыптар мен құндылықтардың сақталуы және берілуі ерек екенін, ата-аналар балаларды тәрбиелеуге жауапты және бала үшін отбасы-бұл тәрбие негізі, адамдарға, табиғатқа деген қарым-қатынас қаланатын әлем екенін түсінуге көмектесу.

2022-2023 оқу жылында міндетті бес бағыт бойынша жұмыс жоспарлары жасалынып, орындалуы әдіскер, директор тарапынан бақылауға алынады.

Облыстық «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік педагогикалық жобасы жұмысы жоспарымен таныстыру, тәжірибеге енгізуді жалғастыру

2022-2023 оқу жылында бөбекжайда «Әжемнің ертегісі» әлеуметтік педагогикалық жобасы аясында жұмысын жалғастыратын боламыз. Жобаның мақсаты мектепке дейінгі ұйымдарда қазақ халық ертегілерін пайдалану арқылы балаларды туған өлкенің, мемлекетінің мәдениетімен таныстыру моделін әзірлеу. Жобаның негізгі міндеттері балаларды туған өлкенің мәдениетімен таныстыру бойынша бағдарлама-әдістемелік қамтамасыздығын сараптау, тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының, педагогтердің тілдік құзыреттіліктерін дамыту үшін мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың сапасын басқару бойынша модель құру, балаларды туған өлкесінің дәстүрлі мәдениетіне баулу негізінде, барлық педагогикалық үрдістің қатысушылығын өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі түсінуге ықпал ететін, балаларға, ата-анаға және педагогтерге қарым-қатынастық әрекетке бағытталған, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және шығармашылық әлеуетін ашу, критериалды-диагностикалық ақпаратты әзірлеу.

Біздің қазіргі міндетіміз жобаға ата-аналарды тарта отырып топтарда бірнеше әмбебап орталықтарды қамтитын «Әжемнің ертегісі» ертегі-ойын кеңістігі құру, онда халық ертегісі орталығы, шағын кітапхана, театр-ойын орталығы, этнографиялық шағын мұражай қамтылу керек. Жобаның нәтижелілігін анықтау мақсатында критериалды-диагностикалық құралдар жасалынып, жобаны балалардың қаншалықты меңгергенін анықтап отыру керек. Сонымен бірге әдістемелік құралдар мен ұсыныстар дайындап, ғылыми-практикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге, шеберлік сыныптарына қатысу. Жобаның нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау жүйесі жоба орындаушыларының қызметін және өзара іс-қимылын жалпы үйлестіру, жекелеген іс-шаралар бойынша іс-шаралар тізбесін және орындалу мерзімдерін, сондай-ақ жобаны іске асыру тетіктерін нақтылау туралы ұсыныстар дайындау, жобаны іске асыруды ақпараттық сүйемелдеу, жоба іс-шараларын іске асыру нәтижелерінің мониторингін дайындау болып табылады. Барлық уақытта ертегі, позитивті тұлғааралық қатынастардың, әлеуметтік дағдылардың және мінез-құлық дағдыларының, сондай-ақ баланың ішкі әлемін анықтайтын адамгершілік қасиеттерінің дамуына ықпал етті. Сонымен қатар, ертегі баланы дамытуда әрдайым педагогтер мен ата-аналар үшін қол жетімді құралдардың бірі болып қала береді. Ертегі, оның құрылымы, жақсылық пен жамандықтың айқын қарама-қайшылығы, фантастикалық және моральдық мәні бойынша анықталған бейнелер, экспрессивті тіл, оқиғалар динамикасы, мектеп жасына дейінгі баланы түсінуге болатын ерекше себеп - салдарлық байланыстар мен құбылыстар - осының бәрі ертегіні балалар үшін ерекше қызықты етеді, баланың адамгершілік дені сау тұлғасын қалыптастырудың таптырмас құралы.

Бұл жобаның **тәжірибелік маңыздылығы** - ертегі бала өмірінің маңызды жетекшісі екендігіне негізделген. Мектепке дейінгі жастағы баланың өмірінде әлеуметтік – жеке дамуда терең өзгерістер болады. Бұл баланың қандай да бір түрде бейнеленген жағдайларға төтеп беруге, кейіпкерлердің іс-әрекеттеріне ақылмен қарап, олардың қуаныштары мен қайғыларынан немқұрайлықпен қарамауға үйретеді. Мұндай белсенділік баланың рухани өмірінің аясын кеңейтеді, оның ақыл-ойы мен адамгершілік дамуы үшін маңызы зор.

Облыстық жоба аясында ересек топ тәрбиеленушілерімен жұмыс жүргізу барысында топ тәрбиешілері шығармашылық жоба дайындауды, жоба аясында тәрбиеленушілермен және ата-аналармен жұмыс жоспарын жасап, жоспарға сай жұмыстарды жүргізулеріңізді ұсынамын. Сонымен бірге облыстық жоба аясында барлық топтар дамытушы орталықтары мен дидактикалық материалдарын дайындаңыздар. Біз бұл жұмысты біргелікте, барлық

ойымызды, күш-жігерімізді сала отырып іске атқарамыз деп ойлаймын. Бұл жоба сіздердің кәсіби біліктіліктеріңізді дамытуға, ізденімпаздыққа, бір-біріңізбен тәжірибе алмасуға ықпал етеді деп ойлаймын.

Бөбекжайдағы жалпы ата-аналар жиналысы мен жеке топтардағы ата-аналар жиналысының жылдық жоспарын бекіту және №1 ата-аналар жиналысының өткізілуі.

Ұрпақ тәрбиесі барлық уақытта әр қоғамның өзекті мәселесі болып келеді. Жас ұрпақты болашаққа жетелейтін білім мен тәрбие жолы екендігі сөзсіз! Тәрбие мен білім беру-ажырамас ұғым.

Бала тұлғасы, оның қызығушылығы, дамуы тұлғалық әлеуетін ашу педагог пен отбасы арасындағы қатынас стратегиясының орталығы болып табылады. Ата-ананың бас қуанышы-бала. Бала әрқашан ата-анадан мейірімділікті, сүйіспеншілікті, жүрек жылуын қажет етіп, ата-ананы өмірдің тірегі деп санайды. Ата-ана отбасындағы жетекші тұлға, баланың қамқоршысы. Отбасы баланың тәрбиесі мен оның әлеуметтенуінде, тұлғаның көзқарасының қалыптасуында, сондай-ақ, интеллектуалдық, эмоционалдық және еріктік сапаларының дамуында шешуші рөл атқарады. Осылайша балалардың әлеуметтенуі мен қоғамның жаңа мүшелерінің дайындығы қамтамасыз етіледі.

Балабақша бала тәрбиесінде маңызды рөл атқарады. Мұнда ол білім алады, өзге балалармен, ересектермен бірлесіп әрекеттену, өз әрекетін ұйымдастыру іскерлігін меңгереді. Алайда баланың бұл дағдылары қаншалықты нәтижелі меңгеруі отбасының балабақшаға қарым-қатынасына байланысты. Ата-ананың білім беру үрдісіне белсенді араласуы арқылы баланың үйлесімді дамуы іске асады.

Балаға тәрбие мен білімді балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып берсек, бұл баланы әлеуметтендірудің маңызды институты болып табылады. Бұл үшін балабақшада өтетін жалпы ата-аналар жиналысында, топтардағы ата-аналар жиналысында ата-аналарға жан-жақты мәлімет беріп отыру қажет. Керек жағдайда сол жиналыстарға психолог, медбике қатысып балалардың психологиялық дамуы, денсаулығы жөнінде баяндамалар оқып, жас ата-аналарға кеңестер беру керек. Ата-аналар жиналысы жаңаша түрде ұйымдастырылып, қызықты өту қарастырылсын. балаға тәрбие мен білімді балабақша мен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайта отырып берсек, бұл баланы әлеуметтендірудің маңызды институты болып табылады. Бұл үшін балабақшада өтетін жалпы ата-аналар жиналысында, топтардағы ата-аналар жиналысында ата-аналарға жан-жақты мәлімет беріп отыру қажет. Керек жағдайда сол жиналыстарға психолог, медбике қатысып балалардың психологиялық дамуы, денсаулығы жөнінде баяндамалар оқып, жас ата-аналарға кеңестер беру керек. Ата-аналар жиналысы жаңаша түрде ұйымдастырылып, қызықты өту қарастырылсын. Жалпы ата-аналар мен балабақша арасындағы жұмыстар түрлендіріліп, уақытында өткізілсе, балалардың мейірімді, ынтымақшыл болып өсуіне септігін тигізеді. Бөбекжайдағы ата-аналар жиналысы жаңаша түрде қашықтан ұйымдастырылсын.

Бөбекжай іс қағаздарының жүргізілуі

(Еңбек өтілі, бұйрықтар, еңбек кітапшасы, журналдар, жеке іс қағаздары т.б.)

Бөбекжай қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттарды дұрыс толтыру үлкен жауапкершілікті талап етеді. Бөбекжай құжаттары-әрбір қызметкердің, педагогтың айнасы іспетті. Құжаттар дұрыс жүргізілсе, ол педагог, қызметкер өз ісіне ұқыпты, мамандығын сүйетін жақсы педагог болып есептеледі. Егер құжатта қате кетсе, ол педагогтың өз ісіне немқұрайлы қарайтындығын көрсетеді. Сондықтан құжаттарға мұқият болу керек.

- 1.Топтың қабылдау дәптері, тазалығын тексеру, ата-аналар жарнасы журналы мемлекеттік құжат болып табылады. Оны әрбір тәрбиеші дұрыс, қатесіз, ұқыпты жүргізе білуі тиіс.
2. Бұл журналдарға жазылатын жазулар өте анық, түсінікті, мүмкіндігінше бір түсті көк сиямен жазылғаны дұрыс.
- 3.Тәрбиеші балалардың күнделікті балабақшаға қатысуын мұқият бақылап, белгілеп отыру керек. Өйткені ата-ана бұл күндердің тамағының ақшасын есептеп отырады.
- 4.Перспективалық жоспар мен циклограмма

Балалардың жеке іс-қағазын толтыру барысында аты-жөні, туылған күні, айы, жылы, ұлты, ата-анасы, мекен-жайы алфавиттік нөмірі және бұйрық нөмірі көрсетілу керек. Балабақшада ресми қабылданатын қаулы немесе шығарылатын бұйрық т.б. ресми құжаттың негізінде, олардың орындалмағаны жөнінде немесе сол құжат бойынша іске асырылып жатқан шаралар уақытында орындалып, қаралу керек. Іс-қағаздарда қолданылып отырылатын ақпарат, мәліметтің барлығы мұқият тексеріліп отырылу керек. Құжаттарда сөздерге, тыныс белгілеріне, дұрыс түспеген әріптерге баса назар аудару қажет. Өйткені мұның бәрі тексеріс кезінде қателікке есептелінеді. Құжат мазмұнының қазіргі күші бар заңдарға және құқық нормаларына сәйкестігі тексеріледі. Әрбір қызметкердің еңбек өтілі ҚР Еңбек туралы Заң талаптарына сай есептелініп отырады және соған сай еңбек ақысы төленеді. Еңбек кітапшасы ережеге сай толтырылуда. Біз беріп отырған статистикалық мәліметтердің өзектілігі мен ақиқаттығы, дәлдігі тексеріледі. Сондықтан әрбір адам өзі жүргізіп отырған іс-қағаздарына мұқият болу керек.

Балалардың денсаулық топтарын және физикалық денсаулығын тексеру мен қызметкерлердің медициналық бақылаудан өту қорытындысы

Қазіргі кездегі елімізде жүргізіліп жатқан білім саясаты әлемдік білім кеңістігімен ықпалдасуға бағдарланған. Әлемдік білім кеңістігінен жалпы білім берудің басымдылық мақсаты – өзгермелі өмір жағдайына тез бейімделетін, өз жолын дұрыс таңдай білетін, он шешім қабылдай алатын тұлға даярлау. Қай кезеңде болмасын білім мен тәрбие егіз ұғым екендігін ескерсек, отбасынан бастау алған бала тәрбиесі мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарында жалғасын тауып, болашаққа қадам басары анық. Олай болса, мектепке дейінгі тәрбие ұйымдарындағы бүлдіршіндер тәрбиесін жан-жақты жетілдірудің жолдарын айқындап, бала денсаулығын сақтаудың жолдарын қарастыру заман талабынан туындап отырған жағдайлардың бірі.

Мектепке дейінгі білімде баға жетпес гигиеналық тәрбиенің тәжірибиесі мол болғанымен, қазіргі заманға сай баланың денсаулығының нашарлап, әлеуметтік жағдай баланың дұрыс өмір сүру бейнесін қалыптастыруда жаңа қарым-қатынасты меңзейді. Ұлттық денсаулық сақтау ұйымында баланың салауатты өмір салтына тәрбиелеу негізгі міндеттердің бірі болып саналады. Баланың салауатты өмір салтын құру баланың тек психологиялық жеке-дара ерекшеліктері ғана емес, оны қоршаған ортасы мен жанұясы қолдап отыру қажет. Қазақстандағы салауатты өмір салтын дамытудың бастамасы мектепке дейінгі ұйымдардағы балалардың денсаулығын сақтаудың аса қажет екендігін көрсетеді. Баланың дені сау, салмақты, дене дамуы мықты, тәбеті жақсы, ұйқысы толыққанды болып өсуі үшін күн тәртібін қатаң сақтау қажет. Бұл балаға балалық шақтан бастап ағзасын кез-келген ауруға қарсы тұруына маңызды. Себебі ағзада барлық өмірлік әрекеттер белгілі бір тәртіппен жүріп отырады. Жүрек ырғақты жұмыс жасайды, жиырылуы-босауы, тыныс алу, дем алумен-дем шығару кезектеседі, асқазандағы аста белгілі уақытта қортылып отырады. Жалпы табиғатта барлық жағдайлар белгілі реттілікпен жүреді: жыл мезгілдерінің, күн мен түн ауысуы... Міне, сондықтан мектепке дейінгі мекемелерде күн тәртібі сақталуға қатаң көңіл бөлінген. Шынықтыру-сауықтырудың да тәртібі болған жағдайда ғана баланың ағзасына тиімді болады.

Сонымен бірге, жыл сайын балаларды медициналық тексерулерден өткізіп, дәрігерлердің қаралуында болу керек. Биылғы оқу жылында да балабақшаға қабылданған 52 бала медициналық тексеруден өтіп, дені сау, денесі таза деген анықтамалармен келді. Балалардың денсаулығына кері әсер етпеу үшін қызметкерлер де жыл сайын медициналық тексеруден өтеді. 14 педагог, 19 техникалық қызметкерлер өтті. Барлығының да медициналық картасында жұмысқа жарамды деп көрсетілген. Қызметкерлерге санитарлық ереже талаптарын орындау бойынша нұсқаулықпен таныстырылып, инструктаж журналына тіркеліп, қол қойылып алынууда. Есік алдындағы кілемше хлорланған сумен жуылып, есік-терезелер сүртілуде. Қызметкерлер масканы әр үш сағат сайын ауыстырып отырады. Жаңа өсіп келе жатқан өскелең ағза сыртқы факторлар әсеріне төтеп бере алатын болу үшін жан-жақты сақтық шараларының алдын алуымыз қажет.

Бөбекжайдағы балаларды қабылдау бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуге бақылауды қамтамасыз ету, балалардың бөбекжайға қатысуы

